

**Қапшағай қаласының мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшерін және тәртібін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 42-178 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2015 жылы 14 қаңтарда № 2996 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2016 жылғы 20 маусымдағы № 5-29 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 20.06.2016 № 5-29 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 4) тармақшасына және "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Қапшағай қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі - кемтар балалар) ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) тоқсан сайын сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

2. Келесі тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алуды "Қапшағай қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүргізеді;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне (бұдан әрі - алушы) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы келесі құжаттарды ұсынады:

өтінішті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы №

217 қаулысымен бекітілген "Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық камсыздандыруды тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының ( бұдан әрі – Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес;

алушының жеке басын куәландыратын құжатты;  
тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;  
психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның қорытындысын;

мүгедектігі туралы анықтаманы;  
банктегі шоттың болуы туралы құжатты;  
Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес, кемтар баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасын;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның қорытындысында көрсетілгендей, кемтар баланы үйде оқытудың қажеттілігі танылған сәттен бастап бір жылға тағайындалады және көрсетілген мерзімге тоқсан сайын төленеді;

5) алғаш тағайындалған жағдайда оқытуға жұмсаған шығындары өтініш берген күннен бастап төленеді.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың "Халықты әлеуметтік қорғау, еңбек, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, тіл, спорт және ұлтаралық қатынастар жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Қалалық мәслихаттың  
хатшысы*

*С. Нұрқадыров*

*Қ. Ахметтаев*